

## Қорғалжын ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Ақмола облысы Қорғалжын ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 19 сәуірдегі № 61/1 қаулысы

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, "Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Аудан әкімдігінің келесі қаулыларының күші жойылды деп танылсын:

1. "Қорғалжын ауданында қылмыстық атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін, сондай ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" Қорғалжын ауданы әкімдігінің 11 маусым 2014 жылғы № 114 қаулысы (Ақмола облысы Әділет департаментінде 01 шілде 2014 жылы № 4251 болып тіркелген).

2. "Қорғалжын аудандық ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" 15 маусым 2015 жылғы № 99 қаулысы (Ақмола облысы Әділет департаментінде 14 шілде 2015 жылы № 4872 болып тіркелген).

3. "Қорғалжын ауданы әкімдігінің "Қорғалжын аудандық ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" 15 маусым 2015 жылғы № 99 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" 1 ақпан 2016 жылғы № 20 қаулысы ( Ақмола облысы Әділет департаментінде 02 наурыз 2016 жылы № 5269 болып тіркелген).

*Аудан әкімі*

*Қ.Рыскелдінов*